


# ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

## 2021 ж. қаңтар-қыркүйек

**7,8**  
ТРАН ТГ.



млрд ТГ



ФКИ

МЕТАЛЛ КЕҢІН ӨНДІРУ – 103.7%

МЕТАЛЛУРГИЯ – 99%


- Добыча металлических руд
- Металлургическая промышленность

**\$10,6** МЛРД



ЭКСПОРТ

ИМПОРТ 33,6%  
ОТӨ 66,4%



НАРЫҚ

**\$2,6** МЛРД



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. 8 айдағы деректер

ӨНІРЛЕР КЕСІНІНДЕ 2021 Ж ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ., МЛРД ТЕҢГЕ



## 2021 жылғы қаңтар-қыркүйектегі тау-кен металлургия өнеркәсібі

ҚР тау-кен металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 7,8 трлн. теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы осы кезеңнен 41% жоғары. Тау-кен металлургия құрылымында негізгі үлесті түсті металлургия құрайды – 3 392,4 млрд. теңге, одан кейін қара металлургия өндірісі – 1 995,4 млрд. теңге, ал, ТМК металл өндіруде түсті кен өндіру негізгі үлесті құрады – 1 608,4 млрд. теңге және содан кейін темір кенін өндіру – 761,9 млрд. теңге.

«Металл кенін өндіру» ФКИ 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте 103,7% құрады.

Металл кенін өндіру құрылымында «темір кенін өндіру ФКИ» 102,4% құрады. Сектордағы оң өсуге «темір кенін (103%)» және «марганец кенін (155,5%)» өндіруді ұлғайту нәтижесінде қол жеткізілді.

«Түсті металл кенін өндіру» ФКИ 104,3% дейін өсті. Секторын оң ФКИ негізгі түсті кен өндіру ФКИ өсуі есебінен қалыптасты: мыс (115%), алюминий (113,3%), алтыннан тұратын (129,4%) және қорғасын-мырыш (148,7%).

Түсті металлургияда ФКИ төмендеуі тазартылған алтын (108,9%) және өңделмеген мырыш (102,3%) ФКИ оң көрсеткіштеріне қарамастан, (97,3%) тазартылған күміс (97,8%), өңделмеген алюминий (94,1%), тазартылмаған өңделмеген қорғасын (88,8%) және тазартылған өңделмеген мыс (88,7%) ФКИ есебінен болды.

Қара металлургия ФКИ негізгі өсуі (102,6%) тазартылмаған болат (117,7%), тегіс прокат (114,5%) және әр түрлі диаметрлі құбырлардың (107,4%) оң ФКИ нәтижесінде тіркелді, қоспасыз болаттан жасалған қрлы табақ өндірісі (83,7%) және ферроқорытпа (91,7%) теріс көрсеткіштер көрсетті.

2021 жылғы қаңтар-тамызда металлургия өнімінің экспорты 7,9 млрд. АҚШ долл. құрап, 22,4% өсті.

Металлургия өнімі құрылымында қара металлургия экспортының көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 46,4% өсті. Түсті металлургия экспорты 4,3 млн АҚШ долларынан 4,8 млрд. АҚШ долл. дейін 10,9% өсті.

Металлургия өнімі экспортының құрылымында тегіс прокат, ферроқорытпа және сазтопырақ негізгі көлемді құрайды. Құндық құрылымда металлургия өнеркәсібі экспортының өсуі мыс, ферроқорытпа және тегіс прокат экспортының өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2021 жылғы қаңтар-тамызда ҚР металлургия өнімін негізгі сату нарықтары Қытай (34%), Ресей (21%), Түркия (7%) және Ұлыбритания (6%) болды.

**2021 жылғы қаңтар-тамызда металлургия өнімі импортының көлемі** өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 10,2% өсті және 1 911 млн АҚШ долл. құрады.

Металлургия өнеркәсібі импорты құрылымында *2021 ж. қаңтар-тамызда* металл құрастырылымдар (29%), шыбықтар (19%), тегіс прокат (16%) және алтын (13%) басым.

ҚР-да *2021 жылғы қаңтар-тамызда* Ресей (85%), Қытай (6%), Өзбекстан (2%) және Жапония (1%) металлургия өнімін негізгі жеткізушілер болып табылады.

2021 жылғы 8 айда ҚР-дағы металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 7,9 млрд АҚШ долл. құрады, ОТӨ үлесі 66,4%, на долю импорт өнім үлесі 33,6% құрайды.

Сала 3 өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары.

Қарағанды облысында тау-кен металлургия өнеркәсібінің үлесі ҚР-дағы жалпы өндіріс көлемінің 37% жуығын құрайды. Қалған 2 өңір: ШҚО және Павлодар облыстарындағы үлес 18% және 15% құрайды.